

Абдуова Баян Серікбайқызы.

филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің доценті

Етістіктердің мезгіл мәні және темпоральдық мағына

Етістіктер шындық өмірдегі қимыл-қозғалыстар мен іс-әрекеттердің белгілі бір уақыт, мезгіл аясында өтетінін көрсететін грамматикалық категория болғандықтан, темпоральдылық мағынаны танытатын қимылдың өту сипаты (аспектуалдылық) және қимылдың даму сатысы (нәтижелілік) ұғымдарымен тығыз байланысып жатады. Әдетте, етістіктің шақтары адамның сөйлеп тұрған сәтінен бастап ескеріліп, өткен шақ, осы шақ, келер шақ деп жіктелінеді. Алайда, амал-әрекеттің, калып-күйдің, қозғалыс пен қимылдың барлығы бірдей сөйлеп тұрған уақытпен байланысты нақтылана бермейді. Жасалынатын әрекеттер қимылдың қай сатысында екендігіне қарай өзінің мағыналық құрылымымен ерекшеленеді. Етістіктің бай семантикасы мезгіл, не шақ ұғымымен байланысты болғандықтан, мезгіл мәнін етістіктің есімше және көсемше формасы береді. Өткен шақ есімшелер жатыс септікте жұмсалып, сөйлемдегі мезгілдік (темпоральдық) мағынаны нақтылай түседі: *Туғанда* дүние есігін ашады өлең (Абай). Ұлы ақынның бұл афоризмінде іс-әрекеттің орын алуы, шындық өмірде өту процесі адамның сөйлеп тұрған сәтіне қатысты емес, жалпы сапалық белгісін ғана білдіруімен ерекшеленеді. Жатыс септігіндегі *-ған, -ар, /-ер, -р/* тұлғалы есімшелер бірде өзін толықтайтын есім сөзбен қосақталып, етістікке меңгерілсе, бірде өзін пысықтайтын етістікпен қосақталып барып етістікке меңгеріледі. Келер шақтық есімше жатыс септігінде тұрып сөйлеу сәтіне тікелей байланысты болмайтын мезгілдік мағынаны анықтайды: *майданға аттанғанда, қонақтар келерде, той тарқағанда, кеш батқанда*, т.б. Есімшенің *-ған* түрі жатыс септік формасында тұрып, мезгіл бағыныңқының баяндауышын жасайды: *Бұлар қаладан кештетіп жеткенде*, ауылдың оты сөніп қалған-ды. (О.Бөкей)

Есімшенің *-ар/-ер* түрі де жатыс формасында келіп, мезгіл бағыныңқылы сабақтас жасайды: *Дәл мен жүрерде* ауыл жақтан бір топ қара бері қарай асыға атқа қонып жатты. (С.М) Бұл сөйлемдегі қимылдың өту сипаты (аспектуалдылық) белгілі бір уақыт шеңберіндегі аяқталмаған, жалғасымды әрекеттердің динамикалық қалпын танытатын мағына туғызған.

Келер шақ есімше + *кезде, шақта, алды, үсті* деген сөздермен және мезгіл мәнді сөздердің тіркесуімен болатын темпоральдылық: *ұзақ сапарға аттанар алдында, көшер кезде, ел жатар шақта, көз байланар кезде*, т.б.

Өткен шақтық есімше және *шақта, беті, үсті, кезде* көмекші сөздерімен жасалатын темпоральдылық: *алғаш көрген кезде, жаздың дәл ортасы болған шақта, күн еңкейген бетте*, т.б. Атау формасында тұрған есімшелер *кезде, шақта, соң, сайын* т.б. демеуліктерді ертіп тұруы арқылы мезгіл бағыныңқылы сабақтас жасайды: *Аналықтың үйіне жеткен кезде, күн де ұясына батып бара жатты*. (О.Б.)

Негізгі сөздерден құрылған сөз тіркестері мезгіл-уақытты біршама жалпылай айқындайды да, көмекші сөзді тіркестер олардан гөрі айқынырақ, дәлірек білдіреді. Соңғы құбылыс көмекші сөздердің лексика-грамматикалық табиғатынан туады. *-ар, ер, -р* қосымшалы есімшелер мен *кез, шақ, уақыт* есімдерінің тіркесі әрекеттің басталардан бұрынғы мезгіл, уақытын білдіреді: *жүрер кезде, аттанар шақта, таң ағарған уақытта*, т.б. Тіркестердің семантикалық негізгі діңгегі *-ар, ер, -р* қосымшалы есімшелер, ал көмекші есімдер бұл жерде біршама жалпылық мән береді. «Істің болашақта болу, болмауы кесіп айтылмай, шамалау мәні *-ар* тұлғалы есімшемен беріледі. Мысалы: асықпаған арбамен қоян алар. Жазба тілде контекстің ыңғайына қарай, ауызекі сөйлеу

тілінде айтылу интонациясының құбылуына қарай *-ар* тұлғасы келер шақтық мәнімен қоса, әр түрлі экспрессиялық мәнер алып отырады. Соның бір көрінісі –мақал-мәтел құрамы мен ауыз әдебиеті тілінде қолданылу ерекшелігінің [1, 533] дейтін пікірдегі тұжырымды темпоральдылық мағына аясымен қарасақ, мұнда болашақта істелінетін кимыл, әрекеттердің нәтижесі емес, орын алуына меңзеу екендігі алдыңғы орынға шығады. Белгілі бір уақыт мерзімінде орындалатын әрекеттерді білдіруде есімшенің осы түрі өнімді жұмсалады.

Есімшеге *-ша, -ше* жұрнағының жалғануы арқылы мезгіл пысықтауыш жасалады: ауылдан *ұзап шыққанда, ас піскенше*, қош бол, қалқам, *көргенше*, қайта айналып келгенше. *-ғанше, -генше* тұлғалы сөздер барлық жағдайда мезгілдік ұғым беруі жағынан мезгіл үстеулерімен сәйкеседі.

Болжалды есімшенің тәуелді түрі жатыс септігінде келіп, алдағы болатын амал, әрекеттің орындалуына тілек, өтініш, бұйрық, модаль реңктерін қоса отырып, сөйлемде мезгіл пысықтауыш болады. Мысалы: *қайтарыңда* мені ала кет. *Қонаққа барарда* сыйлық алуды ұмытпа.

Жатыс септікте меңгерілген сөз *-ған, -ген* тұлғалы есімше болып, ол етістікпен тіркескенде мезгілдік қатынасты білдіреді. Есімшелер өзінің мағынасы жағынан процестік мән беретін сөздердің тобына жатады. Олар өздерін меңгеретін етістіктердің динамикалық күйін пысықтайды. Қазақ тіліндегі *-ған* тұлғалы есімшелер толып жатқан синтаксистік қызметте жұмсалады. Есім сөздермен салыстырғанда, етістік өзгергіш, сөйлем құрауда, сөз тіркесін жасауда өте үлкен қызмет атқарады. Етістіктің грамматикалық құбылыстары әр алуан және олардың оралымда қолданылуы оның ерекше белгісі болып табылады. Етістіктің грамматикалық категорияларының ішінде ең көлемді және күрделі түрі осы – есімше формасы. Есімше формаларының етістіктің басқа грамматикалық категорияларынан айырмасы – олардың есім сөздер сияқты септеліп, тәуелденуінде, көптік жалғауын қабылдауында.

-ған тұлғалы есімше мен шылаудың тіркесімен де мезгілдік мән ашылады: *ас піскенге дейін, қараңғы түскенге дейін, жығылған сайын, көшкен сайын*, т.б. Кейде дегенде есімше формалы сөздің тіркесі мезгіл пысықтауыш болғанмен, іс-әрекеттің нақты уақытын емес, жылдамдығын, басталу кезеңін білдіреді: *шу дегенде, айт дегенде*, Мыс: *Шу дегенде* құлағың тосансиды, Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей. (Абай)

-с, -ыс, -іс тұлғалы кимыл есімдер жазба тілде түбір күйінде де, септеліп, әлде басқа бір көмекші сөздермен тіркесіп келіп те сан қилы мағына туғыза бастайды әрі жиі қолданылады. Ауызекі сөйлеу тілінде ондай мағыналарда көбінесе **-ған** тұлғалы есімшелер жұмсалады. Жазба тілде, мысалы, іс-қимылдың күй-қалыпқа байланысты мезгіл, уақыты жатыс септік жалғаулы **-с** дамыл есімі, не оның есіммен тіркесі арқылы (*қысылыста, қысылыс үстінде*) берілсе, ауызекі сөйлеу тілінде **-ған** есімшелерінің жатыс тұлғасы жұмсалады: *қысылғанда, мен ұрлық қылғанда, қырсыққанда*, т.б.

Шығыс жалғаулы өткен шақтық есімше мен *бері* көмекші сөзімен жасалған темп: *таңертең тұрғаннан бері, аяқталғаннан бері*.

Көмектес септікті ортақ етіс арқылы мезгіл пысықтауыш жасалады: *қонақтар келісімен, қоңырау соғылысымен, концерт аяқталысымен*. Мұндай ортақ етіс және көмектес септік келесі болатын оқиға, басқа да амал, әрекеттің басталуына жылдамдату, тездету мағынасын үстемелейді. Мысалы: *Қонақтар кетісімен* үйді жинастыра бастады. Ақын қыз *айтыс басталысымен* қарсыласын өткір сынға алды. Ортақ етістер тек көмектес септікпен келіп, мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалады. Дәл осы форма *-ар, -ер, -р* жұрнақтары мен болымсыздық *-ма, -ме* + *-ыс* жұрнақтарының қосарланып келген түріне синонимдік қатар түзеді. Салыстырайық: *Айтыс басталысымен* – *айтыс басталар, басталмастан*; *қонақтар кетісімен* – *қонақтар кетер-кетпестен*, т.б. Екі үлгіде де осы тіркестерден кейінгі болатын іс-әрекеттің жылдам басталуына ыңғай білдіру нышаны сезіледі. Дегенмен, уақыттық жағынан қосарланған сыңарлар тығыздықты, өте жақын мезгілдік мағына ұғымын қалыптастырады. *Кетісімен, басталысымен, келісімен*, т.б.

сөздерде уақыт жағынан осы процестердің нәтижелілігі байқалса, қосарланған сыңарларда процестер нәтижелі емес, әлі де аздап жалғасу реңкі барлығы байқалады да, келесі амал, қимыл, әрекеттің жылдамырақ басталу, істеліну сипатын таныту ұғымы қоса беріледі.

Синтаксистік жүйеде көсемшенің қызметі әр алуан. Ең алдымен, көсемше – өзгермейтін форма, ол екінші бір қимылға қатысты іс-әрекетті, қимылды, оның сапалық қасиеттерін білдіреді. *-ғалы, -гелі, -а, -е, -й* тұлғалы көсемшелер сөйлем құрамында мезгіл пысықтауыш болумен қатар, қимыл, әрекеттің басталу кезеңіне, уақытына меңзеу жасайды. Бұл қызметте олар көбінесе өзіне бағынышты есім сөзбен бір тіркесте қолданылады: *таң атқалы, күн бата, қыс түсе*, т.б. Бұл тұста есімшенің *-ар, -ер, -р* жұрнақтары мен болымсыздық *-ма, -ме + -ыс* жұрнақтарының қосарланып келген түріне синонимдік қатар түзе алмайды. Салыстырайық: *таң атқалы* – *таң атар-атпастан*, *күн бата* – *күн батар-батпастан*, *қыс түсе* – *қыс түсер-түспестен*. Байқағанымыздай, көсемшелі тіркестер болатын, болып жатқан, болып өткен іс-әрекеттердің басталу уақытын біршама нақтылы «көрсетсең, қосарланған есімшелі тіркес амал, әрекеттердің басталу уақытын нақты емес, жылдамдатылған, тездетілген реңк қосып барып, эмоционалды жеткізеді.

Көсемше көмекші сөзбен тіркесіп келіп, мезгілді білдіреді: *жаз келгелі бері, жазылғалы бері, кіріскелі бері*, т.б. Іс-әрекеттің созылыңқылығы, жалғаса түсуі *-а, -е, -й* көсемшелеріне *түс, бер* көмекші етістіктері тіркесу арқылы жасалған аналитикалық форманттармен беріледі. Мысалы: *Агроном қыз келгелі бері*, *Нұрланның мінезі де өзгерді*. (О.Бөкей)

Осы көсемшелердің *тұр* көмекші етістігімен тіркесі іс-әрекеттің созылыңқылығы тек уақыпша құбылыс екендігін аңғартатын мәнерде жұмсалады. Мысалы: *мына балаға қарай тұр*. Бұл мағыналық мәнер әсіресе, *бер* көмекші етістігімен салыстырғанда анық көрінеді: *мына балаға қарай бер*. Екеуіндегі мән-мағына екі түрлі мәнермен ұғынылады, алдыңғысында аз уақытқа, сәлге дейтін мән бар, соңғысында уақыт жағынан ондай шектеулік байқалмайды. *-а, -е, -й + тұр* құрамды күрделі етістіктер көбінесе *әзірге, қазірше, сәл уақыт* тәрізді сөздермен келген тіркестерде синоним болады. Мысалы: *әзірге осы кітапты оқы* – *осы кітапты оқи тұр* немесе *әзірше осы кітапты оқи тұр* деп нақтылап та айтуға болады. Бірақ бұл ыңғайда мынаны ескеру қажет: күрделі етістік ойдың, іс-әрекеттің динамикасын күшейтеді. Сондықтан ұзақ баяндауларда, мәтіндерде, бірінен соң бірі айтылатын сөйлемдер жігінде күрделі етістіктер ұтымды қолданылып, мезгілдік мағына ашыла түседі.

Күрделі етістіктердің бір тобы әдейі жасалған істі, әрекетті білдіреді. Мұндай күрделі етістіктер *-қан, -ған* есімшелеріне *бол* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады: *Бала өтірік ұйықтап жатқан бол, жануарлардың әңгімесін түгел естіді*. (Қазақ ертегілері). Мұндай күрделі етістіктерге *-сын* тұлғалы есімшелер синоним болады: *Бала өтірік ұйықтап жатқансын, жануарлардың әңгімесін түгел естіді*. Екі сөйлемде де етістіктің шақтық мағынасы мезгілдес, іліктес іс-әрекеттердің жалғасымды сипатымен нақтылана түседі. Сөйлемдегі екі қимыл, әрекет (*ұйықтап жатқан болу және есту*) жеке-жеке уақыттық көрсеткішке ие, дербес мезгілдік мағына береді.

Үнемі болып отыратын амал, қозғалыс, іс-әрекетті білдіру мәнінде жұмсалатын *-атын, -етін* тұлғалы есімшелер – өткен кезеңде болып кеткен іс-әрекеттер туралы хабарлаудың ұтымды тәсілдерінің бірі. Өмірбаян туралы, тарихи тақырыпқа жазылған еңбектерде бұл тұлғаның өткен шақтық мәнінде қолданылуы аса жиі кездеседі. Осы шақ мәнде бұл тұлға есімшенің *-ған* формасымен орайлас келеді. Алайда есімшелік форма көбінде бір кезеңде ғана болып тоқтаған іс-әрекетті білдіреді де, сөз мағынасы динамикалық қалыпта ұғынылмайды. Сонымен бұл екі тұлғаның мәндестігі жалпы өткен шақты, уақытты білдіруінде ғана. Сөйлеушінің істің өткен уақытта болу, болмау фактісіне шүбәмен болжай айтуы немесе болған іске тікелей араласпауы *-и* тұлғалы көсемшенің жіктеулі формасы арқылы беріледі: *көрмегелі көп болыпты, шұғыл аттанып, жүріп кетіпті*. Алғашқы сөз тіркесіндегі *көрмегелі* көсемшесі уақыттық дербестікке ие болмағандықтан, етістікті тіркеске мезгілдік қатынас арқылы бағынышты, байлаулы

болады. Бұндай мезгілдік қатынас -ып + ты, -іп + ті формаларының тиянақты ой беру сипатына қарай анықталады. Алайда бұл тұлға (-п көсемшелерінің жіктеулі түрі) кейде хабарланып отырған іске сөйлеушінің айрықша қатынасын білдірудің де тәсілі болады. Ғалым Т.Қордабаевтың осы тұлғалардың экспрессиясы туралы былай дейді: «Егер кісі өзінің істемеген, жасамаған әрекеті жайлы басқа біреуден естісе, екінші, тыңдаушы жаққа осы формамен *мен сендерге айтыптын, оны бәрі естіпті* деп айтылған болар еді. Бұндай жағдайда айтылу үстіндегі дауыс интонациясының ерекшелігіне қарай мұндай сөз не мысқыл мәнінде, не ашу мәнінде ұғынылады. Осындай мән-мәнерді беруде кейде **-мыс,-міс** аффиксімен қосарланған етістіктер күшейте түседі: *Мен сендерге айтыптын-мыс; оны бәрі естіпті-міс*. Бұндай жағдайда экспрессиялық мән бұрынғысынан да айқындалып, даралана түседі. Дегенмен, осы мән-мәнерді беруде бұрынғы өткен шақ тұлғасының бірінші жағы мен екінші, үшінші жақтарының арасында кейбір ерекшелік байқалады. Мысалы: *мен айтыптын, сен айтыпсың, ол айтыпты*. Бірінші жақта айқын байқалатын экспрессиялық мән екінші, үшінші жақта онша айқын емес. Сол себептен болса керек, екінші жақтың сол мәнін айқындай түсетін синтаксистік топ айтылуы қажет. Ал үшінші жақта мұндай мән туғызу үшін **-мыс** аффиксі қолданылады. [2, 102]

еді көмекші етістігімен келген өткен шақтық тұлғалардың кейбірі мағыналық мән жағынан **-атын** тұлғасына мәндес, сонымен синоним сияқты қолданылады. Бұндай реттерде **еді** көмекші етістігі **-шы, -ші** аффиксті қимыл есімдерімен бір тіркесте жұмсалады. Мысалы, *Атам пішенге мені ала барушы еді. Оның қимылына аузымды ашып, сүйсіне қарайтынмын*. (Д.И). Алайда **-ушы еді, -атын** тұлғаларының өзара мынадай ерекшеліктері бар: **-ушы еді** күрделі етістігінен кейін логикалық ойдың желісі басқа бір сөз, немесе сөйлемнің айтылуын қажет етеді. Сол себептен болса керек, **-ушы еді** күрделі етістігі сөз арасында, екі сөйлемнің жігінің арасында кездеседі. Ал **-атын** тұлғалы тұлғалы етістіктен кейін басқа бір сөз, сөйлемнің айтылуы қажет бола бермейді.

Ғалым Н.Оралбайдың аналитикалық форманттар туралы еңбектерінде «**еді** толымсыз етістігі шақ, рай көрсеткіштерімен тіркесіп, олардан күрделі аналитикалық форманы жасайды. Аналитикалық форманттардың мағынасы көмекші етістік дербес лексикалық мағыналы сөзге белгілі қосымша арқылы тіркескенде, сол қосымша мен көмекші етістік біртұтас мағынаны білдіретін болып қалыптасқан, сондықтан қосымшасыз көмекші етістік ол мағынаны бере алмайды. Аналитикалық форманттардың құрамы тұтас алғанда ғана біртұтас мағынаны білдіретін болып қалыптасқан [3,254] деген пікіріне сай, **-ушы еді** тұлғасындағы етістіктер сөйлемдегі ойды аяқтауға ықпал етеді. Алайда тұтас мәтін, күрделі ой жүйесінде **-ушы еді** күрделі етістігі мезгілдік жағынан әлі де орын алатын, жасалатын қимыл, амалға, әрекетке меңзейді. Етістіктердің темпоральды мағынасы тек шақтардан ғана көрінбейді, ол тұтас функционалды-семантикалық өрістегі мезгілді білдіретін негізгі және жанама тілдік бірліктердің қызметі арқылы ғана ашылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. - 784 бет.
- 2.Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы. - Алматы, 1953. - 114 бет.
- 3.Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы: Инжу-маржан, 2007. - 388 бет.

Резюме

В этой статье рассматриваются значения времени и темпоральности глагола, и объясняются их функционально – семантическая природа их функции.

Resume

We cannot judge verbs by their structure or tenses, we should know the whole functions and how time expressed by idioms or special expressions.

In this article the author considers the means of time verbs and temporal verbs. The also analyzes their functions.

Özet

Fiillerdeki zaman kategorisi kesin zaman bakımından tespit edilemez. Çünkü Zaman kategorisi bütün cümle genelinde tespit edileceği için fonksiyonel-semantik yönden büyük önem taşımaktadır.

Bu makalede fiillerdeki zaman kategorisinin gramatikal manası ile temporallüğinden ve fonksiyonlarından söz edilecektir.

***Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени
мұраның бәрінен құралақан қалады.***

Ғ.Мүсірепов